

**Маңғыстау облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы»
ШЖҚ МКК-ның 2026 жылғы 01 шілдесінен 30 шілде аралығындағы сыбайлас
жемқорлық тәуекелдері бойынша ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша
талдамалық анықтамасы**

Ақтау қаласы

29 шілде 2026 жыл

Ішкі талдау жүргізу үшін негіздеме:

1. Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрығы»
2. ҚР «Конституциясы»
3. ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Заңы
4. ҚР «Еңбек кодексі»
5. 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы
6. ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы
7. ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 04 желтоқсандағы № 434-V Заңы
8. ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңы

Ішкі талдау нысаны қызметінің талдау мерзімі: 2026 жылдың 01-30 шілде аралығы.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік істер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізудің Үлгілік ережелеріне сәйкес, «Облыстық қан орталығы» ШЖҚ МКК-нің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Талдау жүргізу үшін 2026 жылғы 13 маусымдағы № 132 н/к бұйрықпен келесі құрамда жұмыс тобы құрылды:

Жұмыс тобының жетекшісі: директордың медицина жөніндегі орынбасары

К.Л.Мукатаева

Жұмыс тобының мүшелері:

1. Шаданова Д.Ж. - сапа бақылау бөлімінің меңгерушісі, ішкі аудит
2. Текебаева Ш.К. - бас есепші
3. Умарова М.А. - бас медбике
4. Куандыкова Г.К. - персонал менеджері, комплаенс-офице, хатшы

1. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1.1. «Облыстық қан орталығы» ШЖҚ МКК-нің қызметіне әсер ететін қолданыстағы құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
 - 1.2. «Облыстық қан орталығы» ШЖҚ МКК-нің ұйымдастыру- басқару қызметін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді анықтау. «Мүдделер қақтығысы» және ұйымдастырушылық- басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша.
 - 1.3. «Мемлекеттік сатып алу» бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
 - 1.4. Азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
 - 1.5. Кассалық тәртіптің сақталуын тексеру.
- 1. «Облыстық қан орталығы» ШЖҚ МКК-нің қызметін реттейтін заңнамада сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді анықтау» бағыты бойынша.**

«Облыстық қан орталығы» ШЖҚ МКК-ның емдеу сауықтыру мекемелеріне сапалы қан өнімдерін өнімдерін дайындайды. 2026 жылы 01 қаңтар 30 шілде аралығында 8177 доза қан компоненттері жасалды, оның ішінде: 4048 доза эритроцит компонент құрамдас компоненттері, 3474 доза жаңа мұздатылған плазманың барлық түрлері, 263 доза криопреципитат, 655 доза вирус белсенділігі жойылған аферезді тромбоциттер.

Кәсіпорын төмендегідей қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- донорлық кадрларды жоспарлау және есепке алу;
- денсаулық сақтау органдарымен, қоғамдық ұйымдармен және қорлармен бірлесіп халық арасында донорлықты насихаттау және үгіттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- қан дайындау жөніндегі жұмыстарды жетілдіру, қанның жаңа компоненттері мен препараттарын насихаттау .
- медициналық ұйымдарды қан компоненттерімен және препараттарымен, иммуногематологиялық тестлеу үшін диагностикалық реагенттермен қамтамасыз ету, оларды тасымалдау, сақтау және пайдалану срежелерін бақылау;
- қан орталығы қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;
- кәсіпорын жүзеге асыратын қан компоненттерін бақылауды жүзеге асыру;
- инфекцияларға (В және С гепатиттері, АИТВ, мерез) зертханалық тестлеуді жүзеге асыру, иммунологиялық, гематологиялық, биохимиялық, иммуногематологиялық және бактериологиялық зерттеулер жүргізу.

2026 жылғы 01 шілде бойынша штат саны 99,75 бірлікті құрайды. Оның ішінде дәрігерлер 18, орта медициналық персонал 45,25, кіші буын персоналы 15,5 өзге персонал 21 бірлік. 2026 жылы бірінші жартыжылдықта 6 қызметкер жұмысқа қабылданды, 4 қызметкер өз еркімен жұмыстан босатылды. Теріс себептер бойынша босатылғандар жоқ.

Ішкі талдаумен қамтылған қызметкерлер атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Қызметкерлер белгіленген мерзімде қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өтеді. Тәртіптік жазаға тартылғандар жоқ. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, қылмыстық әрекеттер жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері тіркелмеген.

2.«Мүдделер қақтығысы» және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданып отырған кезеңде даулы жағдайлар фактісі тіркелген жоқ. «мүдделер қақтығысының және бөлімшелердің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер» пайда болу қаупі, жақын туыстардың жұмысы жағдайында болу фактісі анықталмаған, бұл жеке мүдделер мен олардың лауазымдық өкілеттері арасындағы қайшылықтарға әкелуі мүмкін. Қызметкерлердің жеке істерін тексеру кезінде жақын туыстары, жұбайлары атқаратын лауазымға орналасу фактілері анықталған жоқ.

Кассалық тәртіптің сақталуын тексеру бойынша: 2026 жылдың 12 мамырында донор Үсен Бекболаттың ауызша түскен шағымы бойынша ішкі аудит құрамымен 2026 жылдың 19 маусымында тексеріс жүргізілді. Тексеріс барысында ақшалай қаражатты төлеу фактісін көрсетудің дұрыстығына негізделген күмән туындады. Тексеру объектісі донорларға төлем жасауға арналған кассалық операциялар мен ақшалай қаражаттарды есепке алу жүйесі болды. Тексеру барысында: электрондық кассалық кітаптар, кіріс және шығыс ордерлері, донорларға ақшалай қаражатты төлеу ведомствалары, бастапқы бухгалтерлік құжаттар қаралды.

Тексеру нәтижелері бойынша: 01.01.2026 -30.06.2026 жылы аралығында , кассалық құжаттардан анықталған кемшіліктер: шығыс ордерлер (расходный ордер) 03.03.2026 ж № 92, 04.03.2026 ж № 94 көленкеленген (штрихталған). Кейбір ведомстварда қаншалықты қан көлемі тапсырылғаны жазылмаған. 13.02.2026 жылғы № 65 шығыс ордерде (расходный ордер) сумма 53197 тенге алайда, кассалық кітапқа кассир 153197 тіркеген. Кассир тарапынан ақша қаражаттарының қозғалысын есепке алуды бұзу,

құжаттары бұзушылықтармен жүргізілгені, ведомостар өзгертілгені және қолданылған (штрихталғаны), ведомостар бірінші басшымен бекітілмегені, ақылы қызмет кітабында тіркелген күндері жазылмағаны анықталды.

3. «Мемлекеттік сатып алу» бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мемлекеттік сатып алу бекітілген жоспарға сәйкес веб портал арқылы бәсекелестік тәсілдермен жүргізілген. Өткізілген және өткізілетін мемлекеттік сатып алу туралы барлық ақпарат мемлекеттік веб порталында қолжетімді және ашық. Мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімдері сақталған, тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және көрсету үшін көзделген мерзімдер «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының талаптарына сәйкес келеді. Медициналық бұйымдармен дәрілік заттар бәсекелестік тәсілдермен сатып алынған.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес 2026 жылдың 01 қаңтарынан бастап 30 шілдеге дейін 150 келісім шарт жасалған.

Баға ұсыныстарының сұрату тәсілімен – 49 шарт;

Өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден – 39 шарт;

Бір көзден тікелей шарт жасау жолымен – 12 шарт

Барлық шарттар белгіленген мерзімде жасалған, шарттардың орындалуы шарттарда жазылған мерзімдерге сәйкес қатаң бақылануда.

Орталықта ұйымдық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және нормативті-құқықтық актілерді қолдану барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептермен жағдайлар анықталмады. Қан орталығының әлеуметтік желілерінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты орналастырылған. Орталықтың қауіпсіздік деңгейін көтеру және оның ішінде тәртіп, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында қауіпсіздік қызметін құру және қан орталығы бойынша бейнебақылау камералары орнатылған.

Мемлекеттік сатып алу саласында заңды тұлғалармен уақытылы келісім шарт жасасып, шарттарды уақытылы орындамаған өнім берушілердің іс материалдары сотқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы азаматтық тәртіппен талап арыздар уақытылы берілуде. Сыбайлас тәуекелдері анықталған жоқ.

Есеп бөлімінде қызметкерлердің еңбек ақылары уақытылы төленуде. Өнім берушілердің жеткізілген тауарларға, медициналық бұйымдарға, көрсетілген қызметтер үшін жіберілген есеп шот қағаздары, актілер негізінде уақытылы төленуде.

4. Азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты:

2026 жылдың бірінші жарты жылдығында Е-otinish порталы арқылы жеке тұлғадан 1 өтініш, заңды тұлғадан 10 өтініш келіп түскен, тиісті мекемелерге жауаптары уақытылы жолданылған.

Мемлекеттік Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында өтініштерін қарау процесін бұзу фактілері анықталған жоқ. Арыз өтініштерге уақытылы жауап берілуде.

Ұсыныстар:

- 1) Есеп бөлімінде (касса) стандартты операциялық шаралар (СОШ) әзірлеуге, донорларға қан тапсырғаны үшін төлем өлшемдерін бекіту туралы 05.01.2026 жылғы № 10,11- нк бұйрықтарына өзгеріс енгізу.
- 2) Жыл соңына дейін ақылы қызметтерді инф-одонор арқылы жүргізу.
- 3) Касса қызметкерінің инфо-донор бағдарламасымен жүйелі түрде жұмыс жасауға оқыту.
- 4) Ішкі талдау нәтижелері бойынша жұмыс тобының мүшелері қабылданатын ішкі актілерге оларды іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты талдау жүргізуді.

5) Сыбайлас жемкорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру, сыбайлас жемкорлыққа қарсы стандарттар мен ҚР еңбек заңнамасын сақтау жөніндегі жұмысты жүргізу.

6) Жеке және заңды тұлғалардың «Облыстық қап орталығы» ШЖҚМҚК-нің қызметкерлері сыбайлас жемкорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері жөнінде өтініштерін бақылау және келін түскен арыздар бойынша шешім қабылдау.

7) Анықталған мән-жайларды назарға ала отырып, ішкі тексеру материалдары анықталған фактілерге құқықтық бағалау жүргізу, барлық кассалық операцияларды тексеру үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға берілді.

Жұмыс тобының жетекшісі:




Мукатаева К.Л.


Жұмыс тобының мүшелері:



Шаданова Д.Ж.




Текебаева Ш.К.



Умарова М.А.

Комплаенс офицер:



Куандыкова Г.К.